



МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА



ЖАЙНА, ЖАСА,
БАС ҚАЛА!

5

РУХАНИЯТ



ДАЛАМЫЗДЫҢ
ҮНІСІҢ СЕН,
ДОМБЫРА!

6

МӘДЕНИЕТ



ТАБИҒАТ
АЯСЫНДАҒЫ
«АЗИЯ ДАУЫСЫ»

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

4.07.2023

Түнде:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты, күннің
соңында өткінші жаңбыр,
найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, күндіз екпіні 13 м/с

5.07.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №80 (6373) 4 шілде, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ЗАМАНАУИ ОРТАЛЫҚ

күніне 3 мыңнан астам адамды қабылдай алады



Алматыда заманауи, жаңғыртылған Халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды. Модернизациядан өткен орталықты Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚР Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин және мемлекеттік корпорацияның басқарма төрағасы Сүйеніш Әбділдин аралап көрді.

3

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

10 мыңнан астам жұмыс орны ашылды



Алматы Индустриалды аймағындағы 88 компания қызметінің нәтижесінде 10 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Бұл жайында Алматы өңірлік коммуникациялық қызметі алаңында өткен Индустриалды аймақ қызметі жөніндегі баспасөз-конференциясында баяндалды.

3

ҚЫСҚА...

- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.
- Мемлекет басшысы ШЫҰ-на мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысына бейнеконференция форматында қатысады.
- Сенат төрағасы Ұлытау облысының жұртшылығымен кездесті.
- Дәурен Абаев еліміздің Ресейдегі Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды.
- Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мемлекеттік сараптамалық құрылымдардың басшыларымен кездесті.
- Биыл «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 112 теміржол станциясында тұратын 80 мыңнан астам адамды медициналық қызметпен қамтамасыз етеді.
- 1 шілдеден бастап тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жаза күшейтілді.
- Елімізде «Толағай» алыштар сайысы өтеді.
- Алматы халқының 42%-ы профилактикалық екпемен қамтылған.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары Сот торағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Мемлекет басшысына өткен жартыжылдықта сот жүйесінің атқарған жұмысының қорытындылары туралы мәлімет берілді.

Асламбек Мерғалиев қылмыстық процестегі тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын жүзеге асыруға, қамауға алудың баламалы жолы ретінде бұлтартпау шараларын қолдану аясын кеңейтуге, сот ісін жүргізуді бюрократиядан арылтуға, біріздендіруге және оның ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық бастамалар туралы айтты.

Сонымен қатар, Президентке ювенальды соттардың құзыретін кеңейту және сот актісінің күші жойылған кезде істі бірінші сатыдағы сотқа қайтармай, апелляцияның тиісті шешім қабылдауы туралы процессуалдық нормаларды дұрыс қолдану жөнінде баяндалды. Бұл жаңа нормалар қағазбастылықты, судьяның кателік жіберу жағдайларын азайтып, азаматтардың бұзылған құқығын тез арада қалпына келтіруге оң септігін тигізуге тиіс.

Мемлекет басшысы адам құқықтарының сотта қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігіне және әділ сот жүйесіне сенімді арттыратын негізгі фактор ретінде соттардың тәуелсіздігіне айрықша назар аударды.

■ СЕНАТ

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының «Демократиялық және инклюзивті қоғамдарды дамыту арқылы өңірлік қауіпсіздікті нығайту: ЕҚЫҰ ПА-ның ролі» тақырыбындағы 30-шы сессиясы Ванкуверде (Канада) өтіп жатыр.

ЕҚЫҰ аймағындағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың өзекті мәселелері, оның ішінде киберқауіпсіздік, терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу мәселелері Ассамблеяның Тұрақты комитеті мен Жалпы комитеттерінің отырыстарында, сондай-ақ оның жалпы отырысында талқыланды.

Отырысқа қатысқан Парламенттік ассамблея төрағасының орынбасары Аскар Шәкіров парламентшілерді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған өзекті халықаралық мәселелер бойынша Қазақстанның ұстанымымен таныстырды.

Қазақстандық сенатор ЕҚЫҰ ПА-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі арнаулы өкілі ретінде ОДМ аясында басқару мен маңызды шешімдер қабылдауға жастардың нақты қатысуын ілгерілетуге шақыра отырып, «Болашақ ұрпақ» қарарының сабақтас авторы болды.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов орталық мемлекеттік органдар мен облыс әкімдіктері басшыларының қатысуымен алдағы жылы беру маусымына байындық мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

«Бұл мәселені біз жақында өткен Үкімет отырысында талқыладық. Дегенмен, өзара үйлесімді, бірлескен іс-қимылды бұдан да күшейту қажет. Сондықтан осы жұмыстардың барлығын тағы да мұқият қарап, тікелей шешім қабылдаймыз», – деді Әлихан Смайылов.

Энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиев республиканың бірқатар өңірінің жылу көздеріндегі проблемалық мәселелер туралы егжей-тегжейлі баяндады, ал индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Динара Щеглова жылумен жабдықтау желілерін жөндеу барысы туралы айтып берді.

Премьер-Министр «Атырау ЖЭО» АҚ-да №12 турбина өткен жылдан бері жөндеуде тұрғанын, ал №6 турбинада күрделі жөндеу жұмыстары әлі басталмағанын атап көрсетті. Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов осы мәселе бойынша түсініктеме берді.

Оған қоса Қарағанды облысындағы ЖЭО-да жөндеу жұмыстарының түрлері өзгеріп, мерзімдері ұзартылса, Маңғыстау облысында жекелеген қазандықтар мен турбиналарда жүргізіліп жатқан жұмыстардың кешігіп жатқаны, сондай-ақ «МАЭК» ЖШС-нің №2 энергетикалық блогын жөндеуге келісім-шарт жасалмағаны, Ұлытау облысы Жезқазған ЖЭО-сындағы қазандықты жөндеу 2024 жылға шегерілгені және №8 қазандықты күрделі жөндеу мерзімдерін ауыстыруға байланысты тиісті резерв қамтамасыз етілмегені айтылды. Өңірлер әкімдері Ермағанбет Бөлекпаев, Нұрлан Ноғазов және Берік Әбдіғалиұлы қабылданып жатқан іс-шаралар туралы түсініктеме берді.

Кеңес соңында Үкімет басшысы бірінші вице-премьер Роман Склярға және Энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиевке кестеге сәйкес жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысын жеке бақылау үшін республиканың энергетикалық нысандарын тексеруді тапсырды.

■ ӘЛЕУМЕТ

Жыл басынан бері 97,3 мың азамат, оның ішінде 25,5 мыңға жуық жұмыссыз, SKILLS.ENBEK.KZ онлайн кәсіптік оқыту платформасында курстардан өткені туралы сертификаттар алды. Платформада жалпы 292,9 мың қазақстандық тіркелді, оның 105,9 мыңы биыл тіркелген.

Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Оқудан өткен 25,5 мың жұмыссыз азаматтың 8,6 мыңы, негізінен, Қызылорда, Түркістан, Алматы облыстары және Шымкент қаласының жастары.

Платформа іске қосылған сәттен бастап авторлар онда әртүрлі бағыт бойынша 219 курс жариялады, оның 166-сы тегін. Курстардың ұзақтығы 1-ден 72 сағатқа дейін. Ең танымал курстар – «Выращивание клубники от А до Я», «Птицеводство. Выращивание бройлеров», «Откорм крупного рогатого скота», «Ірі қара малды бордақылау» және «Кассир».

Платформада ақпараттық технологиялар, экология және еңбекті қорғау, туризм, бизнес, энергетика, маркетинг және менеджмент, білім беру және тәрбие салаларында түрлі кәсіптер бойынша кәсіби дағдыларды дамыту үшін тегін курстар саны үнемі артып келеді.

Оқуға тікелей <https://skills.enbek.kz/> сілтемесі арқылы немесе Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) «Онлайн оқыту» бөлімін таңдау арқылы өтуге болады. Оқу аяқталғаннан кейін білім алушы 70% шекті деңгеймен тестілеу тапсыруы тиіс. Онлайн курсты сәтті аяқтаған жағдайда дағдыларды игеру туралы сертификат беріледі. Курсты аяқтаудың міндетті шарты – студент тарапынан курсты бағалау.

Бұл сертификат Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) тіркелген кезде білім алушы жасаған түйіндемеді автоматты түрде көрсетіледі.

■ МӘСЛИХАТ

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары Жетісу ауданының әкімі Г.Көкебаевамен бірге Жетісу ауданындағы бірқатар нысанды аралады.

Алғашқы нысан Ратушный көшесіндегі қараусыз қалған балабақша болды. Белгілі болғандай, мердігер ұйым меморандумда көзделген күрделі жөндеуді орындамаған, балабақша қазір қараусыз қалды. Енді құрылыс жобасын әзірлеу және жөндеу-құрылыс жұмыстарымен айналысатын мердігер ұйымды анықтау қажет.

Сондай-ақ, Сейфуллин, Рысқұлов, Солтүстік айналма және Бурундайская көшелерінде инженерлік желілер бойынша жұмыстардың қарқыны баяу екені анықталды. Бұл мәселе жергілікті тұрғындар арасында әлеуметтік шиеленісті тудырды. Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мердігер ұйымды мемлекеттік қызметтерді жосықсыз жеткізуші деп тану үшін сотқа талап арыз берді. Сот шешімінің нәтижесінде мердігер жұмыстарды 2023 жылдың тамыз айының соңына дейін аяқтауға міндетті.

Сонымен қатар, депутаттар «2021–2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жаңарту» бағдарламасы аясында салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үй кешендеріне барды. Крылов, Казаков, Боткин көшелерінің бойында және Райымбек даңғылында орналасқан бұл кешендер қала тұрғындары үшін жаңа заманауи тұрғын үй болмақ. Құрылысшылар депутаттарға жұмыс кестелері мен жоспарлары туралы ақпарат берді.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz; primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ

НЕГІЗГІ МАҚСАТ – МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСARTY

Мемлекет басшысы University Medical Center корпоративтік қорының басқарма төрағасын қабылдады



Президентке University Medical Center корпоративтік қоры қызметінің нәтижесі мен алдағы жоспары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына мекеме негізінде алғашқы Интеграцияланған академиялық медициналық орталық құру арқылы УМС-ді трансформациялау барысы туралы мәлімет берілді. Негізгі мақсат – білім беру,

зерттеу ісін және клиникалық тәжірибені тоғыстыра отырып, медициналық қызмет сапасын жақсарту. Юрий Пя Қасым-Жомарт Тоқаевқа заман талабына сай дәрігерлерді даярлау үшін қордың жүзеге асырып

жатқан іс-шаралары туралы айтты. Сондай-ақ, еліміздегі медициналық білім беру ісін жетілдіру перспективалары туралы көзқарасын жеткізді.

Кездесу барысында отандық денсаулық сақтау жүйесінің түйткілді мәселелері, соның ішінде қолданыстағы инфрақұрылымды тиімді пайдалану және Қазақстанда медициналық көмек көрсету сапасын арттыру іс-шаралары талқыланды.

● ҚАБЫЛДАУ

ҰЛТТЫҚ ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ҚАНДАЙ?

Ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға бағытталған міндеттер жүктелді



Президент Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады. Мемлекет басшысына Ұлттық банктің биылғы бірінші жартыжылдықта жүзеге асырған ақша-кредит саясатының алдын ала қорытындылары жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдегі және Қазақстандағы экономикалық ахуал, инфляция факторлары мен оны төмендету үшін қабылданып жатқан іс-шаралар, төлем балансының динамикасы, сондай-ақ БЖЗҚ,

Ұлттық қор активтері мен алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы баяндалды.

Ғалымжан Пірматовтың айтуынша, Ұлттық банк қабылдаған іс-шаралардың нәтижесінде инфляция бәсең-

деп келеді және банк болжамына сай қалыптасып отыр.

Сонымен қатар, Президентке Ашық банкінг тұжырымдамасын қолданысқа енгізу және төлем нарығын реттеу мәселелері жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға бағытталған міндеттер жүктелді.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.**



БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

10 мыңнан астам жұмыс орны ашылды



Айнабай
МӘДИ

(Басы 1-бетте)

Басқосуға «Алматы – Индустриалды аймақ» ЖШС бас директоры Әлішер Сатыбалдиев, Инвесторларды тарту және қолдау департаментінің бас маманы Жандос Намбаев, «Индустриялық аймақ – Алматы» ЖШС Бас директорының орынбасары Артур Тұяқов қатысты. Индустриялық аймақтың негізгі міндеті – өнеркәсіп саласында жеке кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, халықты жұмыспен қамтамасыз ету.

Кәсіпорындардың қызметі туралы «Алматы – индустриялық аймақ» ЖШС бас директоры Ә.Сатыбалдиев айтып берді. Мәселен, былтыр 8 жоба іске қосылды, олар: «Каз-Диа-Тест» ЖШС, «City Stone», «TEPLOSTIL», «Stroy Production», «ЭлектрОБар», сондай-ақ 3 шағын өнеркәсіптік парк («QazaqPlast», «Alatau Industrial Park», «ALAESTATE»). Инвестиция көлемі – 9 млрд теңгеге құрады, 466 жұмыс орны ашылды. Биыл 369 жұмыс орнын ашумен жалпы көлемі 15 млрд теңгеге 5 жобаны іске қосу (елімізде теңдесі жоқ «VALTHERM», «Green Innovation 2030», «Ирригатор Қазақстан», «БСФ» (Радуга) және «Әлем Тынысы») жоспарлануда.

Биыл 250 жұмыс орнын (төлем жүйесі үшін банк картасын шығаратын «Розан Азия» компаниясы, хош иісті сабын шығаратын Telli Ondiris, Прайм Интернационал, Kapital Construction және KMK Investment III кезең EURASIAN X – құрылыс материалдарын шығару) аша

келе, жалпы көлемі 11 млрд теңгеге 5 жобаның құрылысын аяқтау жоспарлануда. Бүгінде Astana Motors Manufacturing Kazakhstan (Қытай автокөліктерін шығаратын мультибрендті зауыт), Halavet KZ (тамақ өндірісіндегі желатинді өндіру), Qazaq Prom Stroy, ТД Кама Қазақстан және ЖБИ Гарант тәрізді компаниялар белсенді құрылыс жүргізуде.

Бас директор бизнес-қауымдастық арасында өте танымал өнеркәсіптік парктер туралы айтып берді. Бүгінгі күні өнеркәсіптік парктерге орналасу үшін 200-ден астам компания кезекте тұрғанына тоқталды. Өнеркәсіптік парктер аумағында орналасуда көш басында тамақ, жиһаз өнеркәсібі, пластмасса мен металл өңдеу компаниялары тұр.

«Индустриялық аймақ жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын ескерсек, бүгінде аумақтың 95 пайызы игерілді. Мемлекет басшысының өзі қолдау білдірген батысқа қарай, ЖЭО-2 бағытында 200 гектарға кеңейту туралы шешімі қабылданды. Қазір жер учаскелерін сатып алу аяқталуда», – деп сөзін сабақтады Алматы ИА Бас директоры.

Ә.Сатыбалдиевтің сөзіне сенсек, Алматы қаласы әкімінің қолдауымен, индустриалды аймақтың аумағында инновациялық техникалық колледж құрылысы басталады. Оқу орны 720 студентке лайықталған. Колледж аумағында 320 орынды студенттік жатақхана салынады. Өнеркәсіппен тікелей байланыста болатын арнаулы орта оқу орнының студенттері индустриялық аймаққа қажет мамандықтар бағытында білім алады.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ЗАМАНАУИ ОРТАЛЫҚ

күніне 3 мыңнан астам адамды қабылдай алады

(Басы 1-бетте)

Жаңа ХҚКО-да барлығы халыққа ыңғайлы етіп жасалған. Клиенттер бір мезетте топырлап жиналып қалмауы үшін үлкен орталық арнайы бөлімдерге бөлінген. Байланыс аймағында клиенттер қызметті өздері ала алады. Мұнда смартфон арқылы қызметті қалай алуға болатыны үйретіледі. Әрі әлеуметтік қызмет көрсету, құжаттау және дайын құжаттарды беру бөлімі бар.

Балаларға арналған бұрыш, ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін – пандус және қызмет көрсетілетін жеке сектор да қарастырылған.

Мұнда инновациялық жобалар ұсынылған. Соның бірі – тәулік бойы жұмыс істейтін 33 ұяшықты постамаат. Ол жерден дайын болған құжатыңызды өзіңізге қолайлы уақытта ала аласыз. Сондай-ақ, ХҚКО-да төлқұжат пен жеке куәлік алу үшін өтінішті өз бетінше беру, құжаттау терминалы жұмыс істейді.

Елімізде 2024 жылдың соңына дейін мемлекеттік корпорацияның 115 фронт



кеңсесі жаңғыртылады. Ал біздің мегаполисте 13 ХҚКО мен арнайы ХҚКО бар.

Жыл басынан бері тұрғындарға бір

жарым миллионға жуық қызмет көрсетілді. Ал жаңғыртылған бүгінгі ХҚКО күніне 3 мыңнан астам адамды қабылдай алады.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«АЯЛАНЫ» АЯЛАЙТЫН ЖАНДАР

Алматы қаласы әзербайжандар қауымдастығы Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп, «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығында мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасыларына және мүгедек жандар үшін қайырымдылық акциясын өткізді.

Аталған қауымдастық мұндай қайырымдылық акциясын дәстүрге айналдырған, яғни жылда өткізеді. Және үнемі қолдауға мұқтаж отбасылардың, жалғыздікті жандардың қасынан табылып жүр.

Алматы қаласы әзербайжандар қауымдастығының төрағасы Гахраман Сәдиев бастаған топ тағы да қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Аяла» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болып, өздерімен ала келген 32 азық-түлік себетін мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасыларына және мүгедек жандарға табыстады. Әр себетте үш келіден қой еті, май, қарақұмық, қант, ұн және басқа да ең қажетті тағамдар бар.

«Аяла» әлеуметтік қызметтер көрсететін орталықта бір жарым жастан 18 жасқа дейінгі балаларға және психоневрологиялық аурулары, тірек-қимыл аппараты бұзылған жасы 18-ден асқан мүгедектігі бар адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтер ұсынылады. Сондай-ақ, әлеуметтік қызметкерлер мүгедек балалардың және сырқаты бар ересектердің үйіне барып та қолдау көрсетіп отырады.

БРИФИНГ

ЕКПЕ – БАРЛЫҚ АУРУДЫҢ ЕМІ



Алматы халқының 42%-ы профилактикалық екпеммен қамтылған. Бұл

туралы Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингінде айтты.

«Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Жыл сайын қала халқының 95%-дан астамы профилактикалық екпеммен қамтылады. Уақытылы имундау вакцинамен басқарылатын инфекциялар бойынша эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға ықпал ететін халық арасында имундық қабат құруға мүмкіндік береді. Вакцина адамзат ойлап тапқан ең жақсы өнертабыстардың бірі екені жалғыз мәлім. Өйткені, ол миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді», – деді Ә.Қалыкова.

Спикер халықтың көп бөлігі вакцина алған жағдайда қоғамда ұжымдық иммунитет сақталатынын атап өтті.

«Халықты вакциналаумен барынша қамтудың тиімділігі вакциналаумен басқарылатын аурулардың көпжылдық динамикасымен дәлелденді. Мәселен, кейінгі 20 жылда қызамық ауруының, паротитпен ауырғандардың, «В» гепатитімен сырқаттанғандардың көрсеткіші едәуір төмендеген. Кейінгі жылдары елде сіреспенің жекелеген жағдайлары тіркелді, ал дифтерия (2009 жылдан), полиомиелит (1996 жылдан) жағдайлары тіркелмеді», – деді Ә.Қалыкова.

Спикер атап өткендей, республика аумағында профилактикалық екпе жұмыстарын жүргізу бірнеше нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Олардың ішінде «Халық денсаулығы және ҚР Денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі бар, негізгі профилактикалық екпелер Үкіметтің 24.09.2020 жылғы №612 қаулысымен бекітілген Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген. Вакциналаудан өтпеген балаларды мектепке дейінгі мекемелерге жіберу ережелері де регламенттелген.

«Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы №289 вакциналанбаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидаларын бекіту туралы бұйрығы қолданылады. Осы бұйрықпен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде вакциналанбаған балалардың саны 10%-дан аспауға тиіс екендігі регламенттелген. Қазіргі уақытта біздің қызмет қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау және Білім басқармаларымен бірлесіп осы бұйрықты орындау бойынша барлық профилактикалық іс-шараларды жүргізуде», – дейді спикер.

Департаменттің деректері бойынша бүгінгі күні Алматы қаласында вакциналар саны жеткілікті. Бұл тиісті контингентке профилактикалық екпе жұмыстарын уақытылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА,

ТРЕНИНГ

КӨШ БАСТАЙТЫН ЖАСТАР



Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы мен Өңірлік коммуникациялар қызметінің өкілдері биылғы 20 мамырда жас көшбасшылар, ЖОО оқытушылары, әлеуметтанушылар, магистранттар мен белсенді қыз-жігіттер арасынан 25 жас сарапшыны оқытуды бастаған болатын.

Сол ерекше жобаның қорытындысы шығарылып, қатысушыларға сертификаттар табысталды. Жобаның негізгі мақсаты – өзіндік қоғамдық пікірі бар жана жас көшбасшыларды анықтау, олардың кәсіби деңгейін арттыру, ақпарат берудің тың жолдарын үйрету.

Сабактарды апта сайын сенбі күндері тәжірибелі тренер, саясаттанушы және шолушы Жомарт Әмірханов жүргізіп отырды. Дәрістер аясында сарапшылар ресми статистикамен жұмыс істеуді, сараптамалық материалдарды беру жолдарын үйренді. Олар сондай-ақ, апта сайын оқытушының практикалық және үй тапсырмаларын орындап отырды. Соның ішінде сарапшылар Жомарт Әмірхановтың авторлық курсы – саяси технологиялардың негіздеріне, статистикамен жұмыс істеу тәсілдеріне аса қызығушылық танытты. Сондай-ақ, «Сарапшылардың жазғы лагері» тыңдаушылардың саяси мәдениетін арттыруға көмектесті дейді ұйымдастырушылар.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Уақытша өзгеріс



байланысты 3 шілде күні келесі маршруттардың қозғалыс схемаларына уақытша өзгерістер енгізіледі.

Мәселен, №38А маршруты – оңтүстік бағытта (айналма жолмен) – Мұстафин көшесі – Саин көшесі (айналма жолмен) – одан әрі схема бойынша, кері бағытта – өзгеріссіз жол жүреді.

Ал №119 маршрут – солтүстік бағытта – Асқаров көшесі – Садықов көшесі – Саин көшесі – одан әрі қарай схема бойынша, кері бағытта – өзгеріссіз жолушылар тасымалдайтын болады.

Сондай ақ, «Әйгерім-2» ықшамауданында жол жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 3 шілдеден бастап жұмыстар аяқталғанға дейін №102 маршрут сызбасына да

уақытша өзгерістер енгізіледі:

Аталмыш қоғамдық көлік солтүстік бағытта – Шұғыла көшесі – Әлмерек абыз көшесі – Қожаханов көшесі – Бенберин көшесі – одан әрі схема бойынша жүрсе, одан кейін оңтүстік бағытта – Бенберин көшесі – Қожаханов көшесі – Әлмерек абыз көшесі – Шұғыла көшесі – одан әрі схема бойынша жол жүретін болады.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы алматылықтар мен қала қонақтарынан келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініп, жол жүру бағыттарын алдын ала жоспарлауларын сұрайды.

ТАРИФ

Судың да сұрауы бар

Алматыда 1 шілдеден бастап суық су мен кәріз тарифтері де өзгерді. Енді тұрғындар судың 1 текше метрі үшін 55 теңге 20 тиын және кәрізге – 1 текше метр үшін 32 теңге 74 тиын төлейтін болады.

«Алматы Су» МКК мамандарының айтуларына, Алматыда соңғы рет су тарифі тек 2014 жылы – бір текше метр үшін 55 теңгеге дейін көтерілген. Содан бері өткен 9 жыл ішінде тарифтерге ешқандай өзгеріс енгізілмеген. Сол себепті, бүгінгі күнге дейін алматылықтар 1000 литр су үшін 48 теңге төлеп келген.

Ал қазіргі таңда Алматы қаласындағы су құбыры желілерінің тозуы 54,4 пайызды құрап отыр. Осыған орай 3607 шақырым құбырдың 2033 шақырымын кезең-кезеңімен ауыстыру қажеттігі туындауда. Бүгінде кәріз желілерінің 57 пайызы ескірген, оларды қайта жаңарту үшін мың шақырымдай желіні ауыстыру қажет.

«Тарифтерді инвестицияларға айырбастау» мемлекеттік саясатын іске асыру инженерлік желілер мен су дайындау станцияларындағы, кәріз тазарту құрылыстарындағы және сорғы станцияларындағы қажетті жабдықтарды ауыстыру үшін көбірек қаражат жинақтауға мүмкіндік береді. Ал аталған жұмыстарды іске асыру желілердегі апаттылықты азайтып, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, сондай-ақ, Алматы тұрғындарын сапалы сумен үздіксіз қамтамасыз етуде маңызы зор.



Сумен жабдықтау және ағынды суды бұру қызметтерінің тарифтерінің өзгеруі бір пәтер үшін ай сайынғы коммуналдық төлемдердің сомасын 15%-ға, орта есеппен 150 теңгеге арттырмақ. Яғни тариф біршама көтерілгенмен, оның деңгейі халық үшін 2014 жылғы көрсеткіштердей сақталады.

Заңды тұлғаларға келетін болсақ, олар үшін сумен жабдықтау қызметтері тарифтерінің өсуі 69,2 пайызды, ал кәріз тарифтері – 89,4 пайызды құрайды. Суық су мен кәріз кәсіпорының өндірістік шығындарының аз бөлігін ғана қамтитынын ескеру маңызды. Осыған байланысты заңды тұлғалар үшін сумен жабдықтауға және су бұруға арналған жаңа тарифтердің деңгейі тауарлар мен қызметтердің түпкілікті құнына айтарлықтай әсер етпейді.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

ҚАСБЕТІ ЖАҢАРҒАН ҮЙЛЕР

Алматының көркін кіргізіп тұратын нысандардың қатарына көппәтерлі тұрғын үйлерді де қосуға болады. Демек, қала көркі тек ғимараттардың әсемдігімен ғана шектелмейді. Бүгінде мегаполистің барлық аудандарында абаттандыру, балалар алаңдарын салу мен үйлердің қасбетін жөндеу секілді жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Бұл бағытта Алмалы ауданында да ауыз толтырып айтарлықтай жаңалық көп.

Ауданда 18 тұрғын үйдің қасбеттерін жөндеу жұмыстары аяқталды. Бұл жөнінде Алмалы ауданының әкімдігінің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында жазылды. Аудан әкімдігінің мәліметінше, биыл барлығы 47 үйдің қасбетін жаңарту жоспарланған. Қазіргі таңда 10 көппәтерлі тұрғын үйде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары барысында үйдің зақымдалған учаскелері қалпына келтіріліп, үйлердің қабырғаларындағы кондиционерлерге арналған металл торлар орнатылды. Тұрғын үйдің сәндік және сәулеттік элементтерін сақтай отырып, сылау және ішінара сырлау жұмыстары жүргізілді.

Аталған жұмыстардың барлығы Алматы қаласының бекітілген дизайн-кодына сәйкес бірыңғай стильде жүргізілуде. Олар «АЗИЯ РЕЙТИНГ» ЖШС №1 учаскесі, «Invest Building Company» ЖШС №2, 4 учаскесі, «Construction Build KZ» ЖШС №3 учаскесі бойынша бөлінген. Бір айта кетерлігі, құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін тұрғындардың ұсыныстары мен сын-ескертпелері ескеріліп отырады дейді жауапты мамандар. Жүйелі жұмыс деген осы болар, бүгінде көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы келбеті жаңа бояумен жарқырап тұр.



ТҮРКСІБ АУДАНЫ



Инженерлік желілерге тексеру жүргізді

Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров «Маяк» және «Әлмерек» шағынаудандарына жұмыс сапарымен барып, мамыр айында басталған сумен жабдықтау және кәріз желілерін салу жұмыстарының барысын тексерді.


Аудан әкімдігі аталмыш жұмыстар бойынша тапсырыс беруші болып саналады, сондықтан жоба аясындағы кез келген жұмыс тұрғындарға қолайсыздық тудырмауы керек. Осыны ескерген басшылық жолдарды қалпына келтіру жұмыстары бұрын асфальтталған әрбір көшеде құрылыс аяқталған кезде бірден жүргізілетінін айтты.

Бүгінде Алматы қалалық мобильділік басқармасының желісі

бойынша қара топырақ төселген көшелерді асфальттау жұмыстары жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда жол төсеміне қатысты барлық қажетті өтінімдерге алдын ала тапсырыс беріліп қойды. Жұмыс барысында аудан әкімі «Әлмерек» шағынауданының қара топырақ төселген көшелерін асфальттау бойынша жұмыс кестесімен танысты. Мамандардың айтуларына, жол жұмыстары тамыз айында басталады.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ



Жылу бағасы қымбаттайды

Алматы жылу жүйесі ЖШС хабарлауынша, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 23 маусымдағы бұйрығына сәйкес Алматыда жылумен жабдықтау қызметтеріне тариф 2023 жылғы 1 шілдеден бастап өсті.

Халық үшін жылумен жабдықтау қызметтері құнының өсуі 20% – 5839,23 теңгеден 7007,08 теңгеге дейін/Гкал, бизнес үшін 30% – 12 870,44 теңгеден 16 731,57 теңгеге дейін/Гкал құрайды. Негізгі жүктеме бюджеттік ұйымдарға жүктеледі, мөлшерлеме 36%-ға – 25 698,42 теңгеден 34 971,84 теңгеге/Гкал-ға дейін ұлғаяды.

Сала мамандары «инвестицияларға айырбастау тарифтері» бағдарламасын орындау шеңберінде түскен қаражат жылу желілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретінін айтып отыр. Қосымша қаржыландыру апаттылықты азайтуға және көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

2023 жылғы жағдай бойынша жылу желілерінің 59,2%-ы ескірген. Оны жаңалаудың ең тиімді жолы тарифтерді көтеру болып отыр. Айта кетейік, 2023–2026 жылдары 116 шақырым коммуникацияларды жаңарту жоспарланып отыр. Мамандардың айтуынша, бұл желілердің тозуын 8%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік беретін көрінеді.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



● МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ЖАЙНА, ЖАСА, БАС ҚАЛА!

«Астана күні» де келіп қалды. Қазақ мемлекетінің бас қаласының айбыны жыл өткен сайын асқақтап барады. Күллі дүниеге мәшһүр болып, аты әлемге танылды.

XXI ғасырда дүние жүзі бойынша жаңадан бой көтерген бірден-бір қала болса, ол – Астана. ТМД аумағында да ешқандай мемлекет жаңадан бас қаласын салмады. Тек біз ғана өзіміздің сүйікті шаһарымызды сала білдік. Соның нәтижесінде Еуразия жүрегінде жаңа Елорда бой көтерді. Осылайша Сарыарқаның сайын даласы баршаға пана, жайлы қоныс, саялы мекенге айналды.

Тарихи деректерге зер салсақ, Ғұн империясының орталығы Бозоқ шаһары, қазіргі Елордамыздың маңында қоныс теуіпті. Мұны археолог, тарихшы, этнограф ғалымдар дәлелдеді. Әлі де қазба жұмыстары жүргізіліп, зерттеле түссе, тың деректер де қолға ілініп қалар. Баһадүр бабамыз Хан Кененің тарихын да ұмытпайық. Кенесары ханның туған жері Ақмола өңірі. Уағында патша отаршылдары осы бекіністі иеленгенде, әскерлерімен қоршап от қойып өртеп жібереді. Сөйтіп, халыққа өзінің атақонысын қайтарыпты.

Сарыарқа – қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші. Сарыарқаның асыл тумалары, сонау Абылай заманындағы Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек би, ақындар Шөже, Шашубай, Доскей, жазушы С.Сейфуллин және ақын Қасым Аманжолов, композиторлар Тәттімбет, Мәдідің елі. Салсері, ақын-жыраулардың төгілте жырлаған құтты мекені. Бұл бүгінде дербес елдің Елордасы.



Шаһар шырайлана түсті

Астана келбеті көпті таңқалдыра түсті. Аспанмен таласқан ғимараттар алыстан менмұңдалап тұр. Көркіне көз тоймайды.

Шаһар күннен-күнге гүлденіп келеді. Қаланың архитекторлар тобын басқарған сәулетші Кисе Курокава еді. Оның басты идеясы үлкен даңғыл, көрікті саябақ, ауаны ылғалдандырып тұратын субұрқақ және сән-салтанаты келіскен ғимараттар болатын. Әрине, Қазақ елінің бас шаһары болғандықтан, ұлттық құндылық басты негізге алынды.

Мегаполисте smart үйлер, smart аялдама, ақылды бейнебақылаулар орнатылған. Халықтың тұруына өте қолайлы жағдай жасалған. Бүгінгі өзінде 1,5 миллионға жуық халық қоныстанған. Статистикаға сүйенсек,

2030 жылы 2 миллионнан астам тұрғын ғұмыр кешетін көрінеді. Еліміз бойынша ең жаңа ғимараттар шоғыры сонда. Қаланы айналдыра «Астана орманы» қоршап жатыр. Мұнда аққайың, терек, шырша, арша егілген. Сондай-ақ, қырғауыл, марал, елік, борсық, түлкі, суыр, қоянға дейін бар. Вело-жолақ салынған. Тынығушыларға арнайы орындар қарастырылған. Ең бастысы, эко-тазалықты сақтау жолға қойылған.

Астанада символикалық бейнедегі ғимараттар самсап тұр. Бірегей ғимарат – Бәйтерек. Бұл қазақы мифологиядағы самұрық құстың аңызына байланысты туындаған. Мәні ел-жұрт бай-қуатты болып, өркені өссін деген мағынаны білдіреді. ЕХРО–2017 көрмесіне орайластырылып салынған «Нұр әлем» павильоны әсемдігімен көпті баурайды. Оның мәні – қуат көзін арттыру, ғаламда бейбітшілікті сақтау. Былтыр Астананың орталық мешіті бой көтерді. Қазіргі таңда Орталық Азиядағы мұсылмандардың ең

үлкен діни орталығы саналады. Сыйымдылығы – 235 мың адам. Осылайша тізімді жалғастыра беруге болады. Әлі де көкпен таласқан үйлер бой көтере берері сөзсіз.

Диалог ордасына айналды

Дүниежүзілік саммит, халықаралық форум, алқалы бас қосулар Елордада ұйымдастырылып келеді. Мәртебелі меймандар, туристер, саяхатшылар, әртүрлі саланың сарапшылары жиналатын киелі мекенге айналып отыр.

Бас қала еліміздің ғана емес, әлем елдерінің лидерлері бас қосатын, келелі мәселелерді талқылайтын, түйін таркататын орталыққа айналды. Соның ең негізгісі 2003 жылдан тұрақты ұйымдастырылып тұратын Әлемдік дін көшбасшыларының съезі. Бейбітшілік және келісім сарайына жиналғандар дәстүрлі дінаралық татулық, бірлік, ұйымшылдық, өзара түсіністік қағидаларын басшылыққа алып отыр. Осы жиын арқылы да елімізді бүкіл әлем таныды.

Астана экономикалық форумы жыл сайын өткізіледі. Штаб-пәтері – Астанада. АЭФ-ты 2008 жылы Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі ұйымдастырды. Мақсаты – қаржы нарығында туындаған мәселелерді реттеп, бизнесті ынталандырып, нарықтық экономиканың бағытын айқындау.

P.S. Астана ең жас әрі сұлу мегаполис. Қазақ мемлекетінің алтын тәжі, әлемдегі бейбітшілік пен татулықтың ұйытқысы мәңгі жайнап, жасай берсін!

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● САРАПТАМА

Өзбекстанда Президент сайлауы:

ҮМІТКЕРЛЕР ҚАНДАЙ БАҒДАРЛАМА ҰСЫНЫП ОТЫР?

9 шілдеде Өзбекстанда кезектен тыс Президент сайлауы өтеді. Елдің орталық сайлау комиссиясы 4 үміткерді тіркеген. 7 маусымнан сайлауалды насихат жұмыстары жүріп жатыр.

Үміткерлерді 4 саяси партия ұсынды. Қазіргі Президент Шавкат Мирзиёев Либерал-демократиялық партия атынан саяси бәйгеге түсуде. «Адолат» социал-демократиялық партия Робохон Махмудованы ұсынды. Ол үміткерлердің ішіндегі жалғыз нәзік жанды. Келесі үміткер Улугбек Иноятовты Халықтық-демократиялық партия ұсынды. Сайлаудан экология саласы да тыс қалмады. Соңғы үміткер Абдушукур Хамзаев Экология партиясынан бақ сынап көреді.

Бастапқыда 5 партия тіркелген. Бірақ «Миллий тикланиш» Шавкат Мирзиёевті қолдап үміткерін ұсынбады.

Елді басқаруға үміткерлердің алдағы 7 жылға стратегиясы болуы тиіс. Ол стратегия сайлауалды бағдарламаларында көрініс табады. Ендеше, үміткерлердің бағдарламаларына сараптама жасап көрелік.

Билік транзиті аяқталды

2017–2022 жылдары елдегі саяси институттар трансформацияланды. Билік транзиті бейбіт жолмен жүзеге асты. Осы уақыт ішінде мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесіне біршама өзгеріс жасалды. Бір-бірінің ісін қайталайтын 110 тиімді емес құрылымдар жойылды. Жаңа заман талаптарына сай 10 министрлік пен ведомство құрылды.

Сондай-ақ, елде парламенттің рөлін арттыруда көлемді жұмыстар атқарылды. Үкімет сағаты институты енгізілді. Онда министрлер халық қалаулыларына есеп беретін болды. Ал 2019 жылдан бастап Үкімет жылына 4 рет Олий Мажлисте есеп бере баста-



Су мәселесін шешуге бел буды

Шавкат Мирзиёев негізгі үміткер екені сөзсіз. Себебі, өзі бәсекеге түскен соңғы

ды. Енді жаңа идеологиялық бағдарды таңдау қажет болды.

Шавкат Мирзиёев 2021 жылдан бері өз сөздерінде «Жаңа Өзбекстан» сөзін қолдана бастады. Сөйтіп, 2022 жылы «Жаңа Өзбекстан» даму стратегиясын бекітті. Ол 2026 жылға дейінгі мемлекеттік стратегияны қамтыды. Осылайша жаңа мемлекеттік идеология қабылданды.

Алайда, саяси реформалар мұнымен тоқтамады. Биыл ел конституциясына біршама өзгеріс енгізілді. Бұл өзгерістер бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Президенттің өкілеттік мерзімі 5 жылдан 7 жылға ұзарды.

екі сайлауда айқын басымдықпен жеңіске жетті. 2016 жылғы 4 желтоқсанда сайлауға қатысушылардың 88%-дан астамы оны қолдады. Ал 2021 жылғы сайлауда 80%-дан астам дауыс жинады.

Қазіргі мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламасында 5 стратегиялық бағыт ұсынуда. Бағдарламаның негізгі бағыты әлеуметтік сала. Шавкат Мирзиёев білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау мен кедейлікті жоюға баса назар аударуда.

Болжам бойынша 2030 жылға қарай халықтың саны 40 млн-ға жетеді. Осы бағытта Шавкат Мирзиёев өз бағдарламасында көлемді жұмыстар атқарылуына уәде етуде.

Алдағы мақсат – жаңа мектептер мен балабақшалар, емханалар салу.

Экономикалық сала да назардан тыс қалмаған. Алдағы жоспар ауқымды. 2030 жылға дейін жалпы ішкі өнімді екі есе көбейту қажет. Жоспар бойынша елдің бір жылдық табысы 160 млрд АҚШ долларын құрауы тиіс. Ал жан басына бөлгенде бүгінгі 2000 доллар 4000 долларға ұлғаюы керек.

Дегенмен, бағдарламаның біз көңіл бөлетін тұсы бұлар емес. Алдағы уақытта көршіміз су мәселесін шешуге мықтап кіріспекші. Егер қазіргі Президент алдағы сайлауда жеңіске жететін болса, сыртқы саясатта осы мәселеге аса мән береді. Себебі, бағдарламада Орталық Азия аймағы сыртқы саясаттың негізгі бағыты ретінде аталған.

Өзге үміткерлер де қалыс қалмады

Улугбек Иноятов әлеуметтік саладан шыққан маман. Өз бағдарламасында да осы салаға аса мән берген. Халықты жұмыспен қамту, кедейлікпен күрес, көмекке мұқтаж жандарға әлеуметтік көмек көрсету, баспанамен қамтамасыз ету секілді мәселелер басты назарға алынған. Сонымен қатар, үміткер білім беру мен денсаулық сақтау саласын қолға аламын деп уәде беруде.

Келесі үміткер Абдушукур Хамзаев экологиялық мәселелерді көтерген. Ол бағдарламада Арал қасіретіне баса назар аударған. Арал суының тартылуын сол аймаққа жасыл желектерді егу арқылы шешуді ұсынып отыр. Сондай-ақ, ол энергетикалық қауіпсіздік, су мен жерді қорғау секілді мәселелерді шешуге уәде беріп отыр.

Биылғы сайлауда гендерлік баланс та сақталуда. Робохон Махмудова әлеуметтік саламен бірге елде занның үстемдігін орнату, жемқорлықпен күрес мәселелерін көтеруде. Өзге үміткерлерден ерекшелігі, жергілікті өзін-өзі басқаруға көңіл бөлген. Осы бағытта жергілікті атқарушы органдардың үстінен бақылауды күшейтуді ұсынады.

Сонымен қатар, Робохон Махмудова азаматтық қоғамның дамуы қажет дейді. Ол үшін үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар мен БАҚ институттарының қоғамдағы рөлін арттырамын деп уәде етуде.

Пердехан ШАМШИЕВ,
сарапшы.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Осыдан бес жыл бұрын шілденің алғашқы жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып жарияланған болатын. Биыл 2 шілдеге сәйкес келген мереке ару Алматыда да сән-салтанатымен атап өтілді. Жыл сайын ұйымдастырылатын, дәстүрге айналған бұл айтулы күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі мол. Ұлттық дәстүрлі музыкалық мәдениетімізді болашақ ұрпаққа дәріптеу – парызымыз.



Баршаңызды Ұлттық домбыра күнімен құттықтаймын! Көне дәуірден жеткен бұл аспап халқымыздың болмыс-бітімін, салт-дәстүрі мен мәдениетін айшықтайды. Рухымызды көтеріп, мерейімізді өсірген қара домбыра асыл мұрамызға, ұлттың символына айналды. Біз оны жан-жақты дәріптей береміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Twitter парақшасынан.

ДАЛАМЫЗДЫҢ ҮНІСІҢ СЕН,

ЖАС ӨНЕРПАЗДАР

65 БАЛА БІР МЕЗЕТТЕ
СЕГІЗ КҮЙ ОРЫНДАДЫ

Ұлттық домбыра күніне орай мегаполистегі «Нүркент» ықшамауданындағы Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының ұйымдастыруымен (Алатау ауданы) «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» атты концерт өтті.

Шаһардың ең көрнекті орындарының бірі – Alatau Creative Hub алдында көрініс тапқан рухани іс-шараға «Әлкисса» домбыра студиясы мен «Аманат» өнер орталығының жетекшілері үлкен қолдау көрсетті.

Салтанатты іс-шараның шымылдығын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова мен домбырашы, ҚР мәдениет қайраткері Қанатбек Саденов ашып, лебізін білдірді. Одан соң «Әлкисса» домбыра студиясы мен «Аманат» өнер орталығының дарынды өнерпаздары ән-күйден шашу шашып, мерекенің көрігін қыздырды.

Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының алдында жиналған өнерсүйер қауым қасиетті домбырамыздың қоңыр үніне құлақ түрді, шабыттана ән-күй тыңдады. «Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті

күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй» деп дана Абай қазақтың ән мен күй күдіретін әдемі жеткізген. Иә, қазақтың ән мен күйі – халқымыздың көне заманнан бері қалыптасқан асыл қазынасы, ұлтымыздың жүрек сыздатқан сағынышы еді.

Рухани іс-шарада үлкен-кішінің жүрегінде сақталған, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан «Балбырауын», «Ерке сылқым», «Адай», «Талас», «Әлкисса», «Көрұғлы», «Әке толғауы» және «Домбыра» күйлерін бір мезетте 65 домбырашы орындап шықты.

Күйлерден бөлек, «Мәті дәурен» (Бармақ), «Дедімай-ау», «Сәулем-ай», «Ақсұрат» (халықтік), «Сәлем, Қазақстан!» (Ғарифолла Құрманғалиев), «Мен сүйемін халқымды» (Кенен Әзірбаев), «Ақбұлақ» (Бәкір Тәжібаев) сынды әндер де шырқалды.

Бұл шығармаларды орындаған «Әлкисса» мен «Аманаттың» жастары. Сондай-ақ, концертте «Асыл мұра» тобының, «Камертон» вокалдық ансамблінің және №2 оқушылар үйінің өрендері де өнер көрсетті. Ал біз өз кезегімізде қоңыр үнді домбырамызға жүрегі жакын, ұлттық құндылығымызды қадір тұтатын, оны дәріптеуге үлес қосып жүрген жастардың көптігіне қуандық.

Ұлттық домбыра күнін Алатау ауданымен бірге, мегаполистің қалған жеті ауданы да атап өтті. Мәселен, «Ұлттық домбыра күні» мерекелік флешмобы Алматы, Әуезов, Бостандық және Түркісіб аудандарында көрініс тапты.

Жетісу ауданындағы «Гүлдер» саябағында балалар арасында «Алтын домбыра – Жетісу әуені» байқауы өтті. Медеу ауданында 30 домбырашы мен жалпы білім беретін мектеп оқушыларының қатысуымен 28 гвардияшы-панфиловшы атындағы саябақта шағын флешмоб ұйымдастырылды. Ал Наурызбай ауданының тұрғындары «Домбыра partу» концертін тамашалады.

«ӘН-ДОМБЫРА»

Дәл осы күні, осы Alatau Creative Hub іргесінен орын тепкен «Алатау» дәстүрлі өнер театрының ұжымы Ұлттық домбыра күніне орай Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының алдынан челлендж бастап, әдемі субұрқақ алдында бірнеше күй орындады.

МУЗЫКА ШЕРУІ

Сосын Панфилов көшесінің бойымен Жібек жолы көшесіне дейін жаяу жүргіншілер жолымен дәстүрлі халық күйлерін орындап, думандатып жетті. «Ән-домбыра» деп аталған бұл музыкалық шеруге 70-ке жуық өнерпаз қатысты. Оларға жолай қарапайым тұрғындар да қолдау көрсетіп, қол соғып, суретке түсіп жатты. Осындай ықыласқа бөленген әнші-күйшілер бір сәт аялдап, жүргіншілерге құрметі ретінде сол мезетте шағын концерт берді.

«Домбыра – қазақ халқының жаны, біздің бренд. Біздің осы мәдениетіміз бен дәстүріміз туралы жас ұрпақ білуге тиіс. Сондықтан ол туралы балаларға айта беруден жалықпауымыз керек», – дейді «Алатау» дәстүрлі өнер театрының артисі Қайратбек Бектұрсынов.

Иә, осылай әнмен, жырмен, күймен думандату – қазақ халқы мәдениеті мен өнерінің жарқын белгісі, биік шыңы. Ақындық, сазгерлік, әншілік, орындаушылық сынды қасиеттер әр қазақтың бойынан табылған. Музыкалық шеру дегенде, баяғының сал-серілері елестейді көз алдымызға. Сал дегеніміз – аса талантты, бір өзі бір театрдың қызметін ат-

қаратын, ерекше әрі қымбат, әсем киінген, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті мүлде бөлек, дүниесін, мал-жанын осы жолда аямайтын мәрт, жомарт жан. Оның киімдері кісі танданарлықтай басқаша үлгіде тігіледі. Сән-салтанатты басқа, ер-тұрманы да сұлу әрі сымбатты, әшекейлі. Ол халықтың еркесі, қызығы, думаны болып саналған. Сері де сал сияқты әнші, күйші, ақын, өнерпаз. Оның киім киісі сұлу да сыпайы. Осындай өнердің сыртында ол – сұлу сүйген, жүйрік баптап, құс салатын, әрі аңшы, саятшы, әрі мерген, әрі палуан, әрі шешен, әрі шебер, қысқасы, халық сөзімен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» аса биік тұлғалы азамат. Олардың жүрген жері той, думан, қызық, мереке болғандықтан, ел-жұрт өздерінің серкесі, еркесі, мақтанышын шапан жауып көтермелеген. Сал-серілерді Әз-Жәнібек, Абылай хандардың өзі жоғары бағалаған, құрмет көрсеткен деседі.

Міне, музыкалық шеру кезінде Алматы көшесін бір мезет ән-күйге бөлеген, сән-салтанаты келіскен өнерпаздарымыз Ұлттық домбыра күні осындай сал-серілеріміздің бір сәтін көз алдымызға әкелгендей болды.





Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ДОМБЫРА!

«АҢЫЗ-ДОМБЫРА»

«Ән-домбыра» музыкалық шеруін күн ұясына қонар сәтте Абай даңғылы бойындағы Республика сарайының алдында өткен «Аңыз-домбыра» концерті түйіндеді.

ӨНЕР САЛТАНАТ ҚҰРДЫ



«Аңыз-домбыра» мерекелік концерті ашық аспан астында қасиетті домбыра аспабының мыңдаған жанкүйерінің басын қосты.

Концертте елге белгілі эстрада жұлдыздары – Мейрамбек Беспаев, Нұрлан Албан, Асылбек Еңсепов, Жанар Айжанова, Тамара Асар, Ғазизхан Шекербек, Ерболат Құдайберген және «Ұлытау» мен «Алашұлы» топтары көрермендердің ыстық ықыласына, алғаусыз көшметіне бөленді.

Белгілі күйші Нұржан Тәжікенов, Сәуле Жанпейісова, Ардақ Исатаева, Тілеулес Құрманғалиев, Гүлмира Сарина, Еркін Құдайбергендер де дәстүрлі музыкаға арналған кештің көрігін қыздырды. Олар ұлы композиторлар Құрманғазы мен Нұрғиса Тілендиевтің танымал халық әндері мен шығармаларын орындады.

Музыкалық іс-шара аясында дарынды колөнершілер, қазақтың халық аспаптарын жасаушы шеберлер естелік сыйлықтармен марапатталды.

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Құрманғазы САҒЫРБАЙҰЛЫ

Күйлерінде азаттықты аңсап, бостандықты жырлап өткен дара тұлға. Қазақ ұлтының бай мұрасын «Адай», «Балбырауын», «Сарыарқа» сынды терең мағыналы философиялық күйлермен толықтырған.

Жаратылысында батыр келбетті, жанары өткір, денелі Құрманғазыны ұзын шашы мен қою мұрты айбынды етіп тұратын болған. Желкесінен қыр арқасына қуа түскен құлынның жсалы секілді ерекше белгісі болатын. Осыны көрген жұрт оны «жсалды Құрманғазы» атаған.

Аяусыз азап пен қитұрқы саясатқа бар болмысымен қарсы шыққан күйшінің жарты ғұмыры айдауда өткен. Құрманғазы алты рет абақтыға қамалып, босап шыққан.

Бір күні түрмеде жатқан Құрманғазыға анасы Алқа келеді. Баласының түрмеде езілгенін көрген бірбеткей, ер мінезді ана ұлының жазынан бір тартып жібереді. «Мен ұл тудым ба десем, ез туған екенмін гой, мына қас дұшпандарыңның алдында оныңды көрсетпе» деп, қапаста жатқан ұлына жігер берген екен. Осыдан кейін күйші қолына домбыра алып, «Қайран, шешем!» күйін күмбірлете жөнеледі.



Біржан сал ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ

Біржан сал ел аралап, жолаушылап келе жатып шөлдеген соң, бір кедейдің қараша үйіне ат басын бұрыпты. Үй сыртына жақындап келіп, «Кім бар-ау?» деп дыбыс берген екен, іштен жұпынылау киінген бойжеткен шығады. Біржан сал шөлдегенін айтса, «Үйге кіріңіздер» деп ықылас білдіріпті.

Біржан сал іші-сырты жұтаңдау қараша үйдің төріне шығып, тізе бүгеді. Қыз босағада тұрған күбі піспегін бірер толғап қана, кетік тостағанға ашыған көже құйып ұсынады. Біржан сал тостағанды қолына алып қараса быжылдап тұрған қатықсыз қара көже екен, мұны менсінбей, ерінін де тигізбестен аяқты қайта ұсыныпты. Қыз болса тостағанды алудың орнына: Жақсының жейтін асы жая мен жсал, Шығады нақ қырсықтан осындай сал. Дәмнен үлкен дүниеде ешнәрсе жоқ, Көжеге кекіреймей ердіңді мал», – депті. Сонда өз қылығынан ұялып қалған Біржан сал: «Жетеді тоқсан жасқа ердің ері, Амандық ақындықпен «Біржан сері». Қарындас, айтқан сөзің өтіп кетті, Көжеңді баса құйып әкел бері!», – деп, толтыра құйғызған тостағандағы көжені дем алмастан басына бір-ақ көтерген екен.



Дина НҮРПЕЙІСОВА

Алғаш рет домбыраны қолына 5 жасында ұстаған. Ал 9 жасында домбыраның құлағында ойнап, атағы қыр асқан. Оның өнеріне Құрманғазының өзі тәнті болып, 19 жасына (тұрмысқа шыққанға) дейін шеберлігін шыңдап, оған өзінің бірнеше күйін берген. Сөйтіп, Динаның арқасында Құрманғазының ойнау техникасы біздің заманға жеткен.

Динаға домбыраны үлкен әпкелерін сүйемелдеп тұруы үшін әкесі Кенже үйреткен. Динаның әпкелері әнді жақсы айтқан.

Күйші апамыз Алматыға 75 жасында көшіп келген. 94 жасында Алматыда көз жұмған. Соңғы дәмі үзілгенше басындағы жсаулығын өзі байлаған. Немересі Балжаннан өлер алдында домбырасын әнеруін сұраған. Шанақты қуаты қайтқан әлсіз саусағымен икемге келе қоймаса да түртіп жатып: «94 жыл бойы біргеміз, менің жаным мен домбырам бір-бірін қимай жатыр», – деген екен.



ӘН ӘЛЕМІ

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ «АЗИЯ ДАУЫСЫ»

алматылықтар мен қала меймандарына керемет демалыс сыйлады

Өткен жексенбіде «Медеу» мұз айдынында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Азия дауысы» халықаралық фестивалі аясында «Азия дауысы» пикнигі ұйымдастырылды. Мұнда алматылықтар мен қала меймандары ең үздік, талантты артистердің өнерін Медеу шатқалының сөзбен өрнектеп жеткізе алмайтын атмосферасында тамашалау мүмкіндігіне ие болды.

Осы орайда сәл шегініс жасай кетсек, Қазақстан осы халықаралық байқаудың арқасында бүкіл музыкалық әлемге танымал болды. Ол бізді дүние жүзіндегі жұлдыздармен жүздестірді және көптеген талантты музыканттар мен орындаушылардың жолын ашты. Аталмыш фестиваль бір аланда бірнеше ұрпақтың өкілдері мен әртүрлі жанрдағы музыкалық жанкүйерлердің басын біріктіре білді. Ең қуанарлығы, бұл байқау заңды жалғасын таппақ.

Бірегей мүмкіндікті жіберіп алмай, ұтымды пайдалануға ұмтылып, «Азия дауысы» пикнигіне барған жандар өздерін таза ауада жайлы сезініп, музыка тыңдап, барлық сән-салтанаттан ләззат ала білді. «Медеу» сахнасында таяуда өткен «Жас қанат–2023» жас орындаушылар байқауының қатысушылары мен лауреаттары өнер көрсетті. Іс-шара серіктестерінің эксклюзивті тағамдары мен сусындары да алматылықтар мен қала тұрғындарының көңілінен шыққаны сөзсіз. Түрлі қызықты ойындар ұйымдастырылды. Көздің жауын ұрлайтын әшекей бұйымдар мен ерекше заттар қойылған «Шеберханалар шатыры» да демалысын қызығын үстей түскені анық.

Сондай-ақ, бұл пикник еліміздің ықпалды кәсіпкерлерімен, талантты артистерімен және мәдени элита өкілдерімен танысуға және қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік жасады. Өзгеше форматтағы басқосу барысында жиналғандар бір-бірімен бауыр, туыстай емен-жарқын әңгімелесіп, өзара ой-пікір өрбітіп, мақсат-идеяларымен алмасты.

Пикник барысында үлкен экраннан «Азия дауысы» музыкалық фестивалінің өткен күндерінен бейнероликтер көрсетілді. Фестивальдің негізін қалаушылар – Мұрат Ерғалиев пен Александр Пономарев туралы жылы естеліктер айтылды. Сөйтіп, түскі уақыттан қас қарайғанша жалғасқан «Азия дауысы» пикнигіне келгендер әйгілі «Азия дауысы» фестивалінің атмосферасын сезіне алғанының куәсі болды. «Азия дауысы» пикнигін Moldanazar, Sadraddin және Plebs тобы түйіндеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Азия дауысы–2023» музыкалық фестивалі 28–30 шілде аралығында өтеді. Оның шымылдығын бұлбұл үнді әншіміз, КСРО Халық артисі Бибігүл Төлегенова ашады. Содан кейін киелі сахнаға әртүрлі дәуірдегі музыка өкілдері шығады. Екінші күні әлемдік деңгейдегі Black Eyed Peas тобы жеке өнер көрсетеді. Ал фестивальдың соңғы күні қала тұрғындары мен қонақтарына «Ялла» тобы, Юлдуз Усманова және Secret Service әннен шашу шашпақ.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

Нұр ЖАМАЛ.

ТҰРҒЫН ҮЙ

ӘРБІР ЖАННЫҢ АРМАНЫ

Баспаналы болу – бір бақыт

Әр елдің өзіндік құндылықтары болады. Соның ішінде ең негізгісі бар. Ол – баспана. Өзінің болашағын жарқын ету әркімнің өз қолында. Тек ерінбей мақсатына тура жүрсе, ойлағанына жетпей қоймайды. Бір нәрсе анық, Яки «Адамның істегенін адам істейді».



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматыда көпті толғандырған мәселе – баспана. Бәрі тездетіп үйлі-күйлі болғысы келеді. Сол үшін жан аямай жұмыс істейді. Артық ойын-сауықты тежеп, кәделі іске уақыт бөледі. Олай етпеске шара жоқ.

Қоғамда өмір сүргендіктен көп нәрсені аңғарасыз. Бүгінде кімнен сұрай қалсаңыз, үйдің жырын айтады. Баршасы бірнеше мәрте шаршы метр пәтер иеленгісі келеді. Тіптен, бір емес, бірнеше орында жұмыс істейді. Әйтеуір депозитке қаржы толтыруды мақсат тұтады. Нәтижесінде қаладан 2-3 бөлмелі үйге қолы жетеді. Бастысы, ниет болса болғаны.

ҰМТЫЛЫС

Адамның арманы ақиқатқа айналады. Бұған дүниеде мысал көп. Шетінен орындалғандарын тізіп шыға беруге болады. Ең негізгісі, ішкі ұмтылыс мықты болсын. Қалғаны өз ретімен бола жатар. Үлкен қала тең мүмкіндік. Мұнда тырысқан озады. Шалт қимылға бой алдырғандардың соны немен тынары айтпаса да түсінікті. Алайда, қаланың қарбаласына түсіп өзіңізді жоғалтып алмау маңызды. Күн көру үшін түрлі іс жасайсыз. Құрылыста жалданып та істейсіз. Темір дәнекерлеуші, қыш қалаушы болып та істейсіз. Құрылыста істесеңіз, жөндеу жұмыстарынан хабарыңыз болады екен. Оны істеп көргендер ұғар.

Біздің замандастарымызға көңіліміз толады. Студент кезінен ақша жинайды. Ата-анасынан тиын сұрамайды. 4 жыл оқуы біткенде үйлі болады. Жоғары оқу орны қабырғасында оқып жүрген сәтте тиынын үндемейтіндерді талай көрдім. Шашау шығармай жинай береді. Аздаған шәкіртақысын оңды-солды шашпайды. Шет тілдер курсына қатысады. Спорттық секцияларға барады. Өрттүрлі үйірмелерден қалмайды. Қызбен де жүріп үлгереді. Қосымша даяшы, аула тазалаушы болып күндіз жұмыстарға шығады. Бір сөзбен айтқанда, әмбебап. Осының баршасына уақыт табады. Осындай ынта-жігермен баспаналы болады.

Бүгінгі жастар батыл. Әсіресе, ауылдан қалаға келіп, аяққа тұрады. Өз кәсібін дөңгелетіп отырғандарға ризамыз. Кейбірі сырт жаққа барып жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап, оқып келеді. Біз бір үй алсақ, тыйыламыз. Қайратты жастар



бірнеше үй алып жатады. Тосқауылға тойтарыс береді. Бір сөзбен айтқанда, жігерлі қарақөздерімізді көріп, тек ризашылықпен айтып, өскелең жасөспірімдерге үлгі етеміз.

САБЫР ЖӘНЕ СЕНІМ

Қазіргі адамға сабыр мен сенім жетіспейтін сияқты. Ойлағанымыз тез бола қоймаса, шыдамай кетеміз. Сөйтіп, айналамыздағылардың мазасын алып жібереміз. Бірақ орынсыз бұлданғанмен мәселе шешіліп кетпесі анық. Дейтұрғанмен, нәтижелі іс қылсаңыз, бір жақсылықтың болары анық.

Бірде қаладағы «Отбасы банк» мекемесіне бас сұқтым. Ішінде адам көп. Кезек күтуші бір адам. Талонды алдым да, кезегімді күтіп отырмын. Айнала асығыс-үсігіс. Жоғарыға ілінген экраннан электронды құрылғы кезегі келгендерді хабарлап тұр. Өрімдей ұл-қыздар халыққа қызмет көрсетіп жатыр. Сонда айналасы 10–15 минутта түрлі оқиғаларға куә болдық. Кейбір азаматшалар қызметкерлерге айғайлап кетеді. Соған қарамастан, электрондық қызметті, қажетті құжатты

шығарып беріп жатыр. Арасында күзетші ағалар да жол сілтеп, білген ақпаратын айтып жіберуде. Қысқасы, ондағылардың мұрын сіңбіруге уақыты жоқ. Әйтеуір жүйкесі тозған бір адам. Біз де бір айтқаннан ұқпаймыз. Қайталап сұрақ қоямыз. Содан соң шаршамағанда қайтсін. Өзіме қажетті қызметті алып қайттық. Осы бір көрініс ойда қалды. Сондықтан суреттеп жазуды жөн көрдік.

P.S.

Белгілі журналист Қуандық Оразбекұлы «Арман жүзеге асырылған болуы керек» дейтін. Онысы шындық. Расында да, арман, мақсат, мүдде тоғысқанда іс өнеді. Бастысы, баспаналы болып, көздеген игі нәтижеге қол жеткізу парыз. Жоғарыдағы ойларды топтағанда, осы ұғымның аясына шоғырланды. Арманшыл қанатыңыз талмасын!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалия ЕРБОЛҚЫЗЫ, несие менеджері:

ҮЙ АЛУҒА НИЕТТІЛЕР ҚАТАРЫ КӨП

Бізге күніне түрлі клиент келеді. Әрқайсысының басында әртүрлі ой бар. Бірі депозит ашады. Ендігісі үй ресімдейді. Кейбірі тек кеңес алады. Көбіне жастар жағы ақыл-кеңес алуға жүгінеді. Ешкімнің енесін баспаймыз. Бар білгенімізбен бөлісеміз. Жұмыс барысында түрлі оқиға болады. Дауыс көтеретіндер де табылады. Оны жасырудың еш қажеті жоқ. Ондай жағдай туындаса да, сабырлы болуға тырысамыз. Өркіммен ұстасқан дұрыс емес. Ондай келеңсіздік қызметтік мансапқа зиянын тигізеді. Сол себепті, эмоцияны тыйып ұстауға бейімбіз.

Үлкен кісілер онлайн жүйесін түсіне бермейді. Сөйтіп, көмек сұрайды. Жастар жағы ипотеканы көптеп ресімдейді. Үй алуға ниеттілер қатары көп. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып барады. Жыл соңына дейін 15 миллион шаршы метр үй салынбақ. 3 жыл тұрақты депозит жинап, бонус, мемлекеттік сыйлықақы алғандардың мүмкіндігі жоғары. Мемлекет берген бағдарлама шарттарына сай келсе, үйлі болады. Бір нәрсе анық. Әр құжатты белгіленген ережеге сай жинаса, тезірек пәтер кілтін иеленетіні анық. Кейбір құжаттар базада 3 жұмыс күн уақыт алуы мүмкін. Біреулер сенбі, жексенбіні қоса есептеп, дүйсенбіде құжатты компьютерден шығара бер дейді. Алайда, белгіленген жұмыс күні өтпей, база қажетті қағазды бермейді. Осындайда клиентке дұрыс түсіндірген абзал.

Біздің жұмыстар азаматтармен тікелей байланысты. Сондықтан шаршауға, енжарлыққа жол берілмейді. Мемлекет бөлген үйді құжат жүзінде үлестіру аса жауапты іс. Бір сөзбен айтқанда, өз ісіңізді тыңғылықты орындау қажет деп білеміз.

Темірлан ӘШІМ, клиент:

ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАРАЖАТ ЖИНАДЫМ

Таяуда үй алдым. Құжаттарына көп жүгірдім. Анда-мұнда шапқыладым. Бас-аяғы 8 ай күттім. Мен алғалы жүрген үйлер енді салынып жатқан-тұғын. Кейде құрылыстың сыртынан қарап қоямын. Өзімнің менеджеріме жиі хабарлама жазып тұрдым. Ол да «эне-міне, дайын болады» деумен қайырады. Сөйтіп жүргенде, бір жылға жуық уақыт өтті. Арасында үмітті бір үзіп жалғап алдық. Ойда «бола ма, болмай ма» деген екіұдай пікір басым болды. Әйтеуір қолымыз жетті.

Үй алудың соқпағы көп болады екен. Біраз бұрын туыстар менің атымнан 150 мың теңге жылдам ақша ресімдепті. Оны ұмытып кетіпшім. Дәл құжат дайындайтын шақта, осы «көмегім» кесе-көлденең кедергі болды. Әлгі туысыма хабарластым. Анықтасақ, өсімі көбейіпті. Оны бірлесіп жүріп жауып тастадық. «Аузы күйген үрлеп ішеді» демекші, маған осы оқиға жақсы сабақ болды. Өзім депозитке 2 миллион жинаған едім. Арал қаласындағы ата-апам 2 миллион қосты. 3 бөлмелі пәтер ипотекаға ресімделіп, құны – 25 миллион теңгеге бағаланды. Алғашқы жарнасына 5 миллионға жуық төледім. Бағдарлама – 7-20-25. Екінші деңгейлі банктен тез арада құжаттарын алып шықтым. Аса бас қатыру болмады. Енді құрылыс жұмыстарына кірісу керек болып тұр. Бұйырса, оны да біржақты етерміз.

Өзім осы Алматыда оқыдым. Бакалавр, магистратураны қазақ тілі мен әдебиетінен тәмамдадым. Университеттегі ұстазым мектепке орналасуыма септігін тигізді. Сол кісінің жөн сілтеуімен ұстаздық етудеміз. Қол босағанда асабалық жасаймыз. Қазақ «Тарта жесең, тай қалады, қоя жесең қой қалады, қоймай жесең, нең қалады?» дейді. Осы ұстаныммен 3 жыл тұрақты түрде қаражат жинадық. Ақыр соңында баспаналы болдық. Осы істің бәрін бойдақ кезімізде істеп қалуға тырысып отырмыз. Жасым 25-тен асты. Алда ауылдағы ата-анамызды қуанту ойда тұр. Бәлкім, тәуір, биязы, жаны нәзік жанды жолықтырсақ, отау құрып қалармыз. Құр жүрмей, белгілі бір мақсатты көздесеңіз, жетеді екенсіз. Соған анық көзім жетті.

Зейнезат АЙЖАРЫҚОВА, зейнеткер:

ТАЛПЫНҒАН ЖЕТЕР МҰРАТҚА!

Мен – зейнеткермін. Жасым 73-ке жақындады. Мектепте 40 жыл мұғалім болып істедім. Физика пәнінен дәріс бердім. Біз Кеңес кезеңінде оқыдық. Біраз жыл сол шақта жұмыс істедік. 1991–2000 жылдар аралығында таршылықтан өте білдік. Ұлды – ұяға, қызды – қияға қондырдық. Зайыбым өмір бақи жүк көлігін жүргізді. Тоқырау жылдарында егін екті. Екеуміз екі жақтан бала-шағаны ешкімнен кем қылмай өсірдік. Ауылда мамыражай ғұмыр кештік. Қолдан үй тұрғыздық. Сыртын бақшаға, ішін бақытқа толтырдық. Тұрмыстың қиыншылығын жұбайымыз екеуіміз бірге еңсердік.

Қаланың өмірі бөлек болады екен. Зейнетке шыққан соң, Алматыға келдік. Балаларымыз үйлі-жайлы болсын деп бір жағында жүрдік. Немерелерді бақтық-қақтық. Несие алып, жер сатып алдық. Қисаңдап жүріп үйді бітірдік. Шалым мен зейнетке шыққаннан кейін көп өтпей дүниеден өтті. Затым әйел болса да, ойдағы-қырдағы перзентіме көмегімді аямадым. Олар білсе білер, білмесе ренжімеймін. Ең бастысы, ел қатарына қосылса болғаны.

Осы күні жастар бізге айып таққысы келеді. Осыған дейін қайда қарап жүрдіңдер дейді. Кеңес өкіметі тұсында мен банктен есепшот ашып, айлығымды, нақтырақ 150–200 сомды салып тұрдық. Сондай бір құрылым дейміз бе, әйтеуір соған ай сайын салдық. Кешегі егемендік алған тұста соның бәрі сабан ақшаға айналды. Е-е, оған ертерек қозғалып пәтер, дүние-мүлік алмаппыз. Заманның 180 градусқа өзгеретінін кім білген. Осы күнгі жастар қағылез. Айтқанды тез қағып алады. Жастарға үй берудің тетіктерін көбейту керек. 5-6 мемлекеттік бағдарлама кімге жетсін?!

Қарақтарым, қолдан келсе ақша жинау қажет. Белгілі мөлшерге жеткенде баспана ала беріңдер. Өйткені, үй өз құнын жоймайды. Сондай-ақ, артықтық етпейді. Айтарымыз, талпынған жетер мұратқа.



АНТИКОР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы қаласы әкімдігімен бірлесіп жергілікті биліктің, сәулет және құрылыс саласындағы құрылымдық бөлімшелердің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді. Жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров қатысты.

— Бұл — біздің бірінші жартыжылдықта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Қоғамдық кеңесімен екінші кездесуіміз. Алматы қаласының әкімдігі талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуде. Бұл жоспар белгіленген мерзімде (10 жұмыс күні ішінде) агенттікке келісуге жіберілетін болады, — деді Әлішер Әбдіқадыров.

Талдау жұмысы заңнамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкелетін қайшылықтар барын көрсетті. Негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қала құрылысы құжаттамасының жер учаскелерінің жоспарға сай сәйкес келмеуімен, құрылыс объектілерінің келісілген жобалау алдындағы құжаттамадан ауытқуымен (жалпы алаңның, қабаттың артуы), тиімсіз әкімшілік бақылаумен және т.б. байланысты.

Тау бөктерінде құрылыс салу бойынша бүгінде 52 заңсыз объект анықталды. Сол бойынша шұғыл әкімшілік шаралар қабылданды. Құжаттарды бұзу және жою туралы сот ісі қозғалды. Кінәлілер жауапқа тартылды. Қолданыстағы



нормативтік-құқықтық базада «нүктелі құрылыс салу» себебі бойынша жобалау алдындағы құжаттаманы беруден бас тартуға негіз жоқ. Осыған байланысты Алматы әкімдігі «ҚР-дағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңына бірқатар түзету енгізуге, атап айтқанда, қаланың орталық бөлігінің шекарасы шегінде «нүктелі құрылысқа» тыйым салуды енгізуге, қала құрылысы құжаттамасын түзету үшін мораторий енгізуге және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болды. Жылына екі рет, жобалық құжаттаманы пайдалануға беру актілерімен тиісінше салыстырып тексермегені үшін жауапкершілікті белгілеу, «бау-бақ үйі» ұғымы мен параметрлерін айқындау, мемлекеттік құрылыс инспекторына адамдардың өміріне немесе денсаулығына, олардың мүлкіне қауіп төнген

жағдайда құрылыс саласындағы қызметті тоқтата тұру сияқты жедел шараларды қолдануға құқық беретін «шұғыл ден қою» ұғымы айқындалды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі жер комиссиясы институтын таратады. Барлық қала құрылысы регламенттері, жер учаскелері және инженерлік желілердің қолжетімділігі туралы ақпарат қаланың цифрлық картасына енгізілген және бизнес пен халық үшін ашық қолжетімді болады.

2022 жылғы маусымда экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеу үшін Алматы қаласы мәслихатының «Алматы қаласы аумағының функционалдық аймақтарын салудың қала құрылысы регламенттерін іске асыру жоспарын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізілді. Бұл құрылыс объектілерінің көпқабатты ғимарат тұрғызуды шектеуге және тік беткейлерде 15 градустан астам құрылысқа тыйым салуға мүмкіндік берді. 2011–2014 жылдар аралығында қала аумағының ауданы 31,9 мың гектардан 68,3 мың гектарға дейін екі еседен астам ұлғайды. Алматы қаласының бұрынғы бас жоспары 2011 жылы өзектілігін жоғалтты. ҚР Үкіметі 2023 жылғы мамырда бекіткен Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарында тау бөктеріндегі барлық бос жер құрылыс салу қарастырылмаған рекреациялық аймақтарға ауыстырылды.

Осылайша соңғы жылдары Алматы әкімдігінің жұмысындағы біраз сыбайлас жемқорлық тәуекелі қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы жойылды. Сәулет, құрылыс және жер қатынастары салаларындағы заңнаманы жетілдіру және құқықтық қайшылықтарды болдырмау бағытындағы жұмыс жалғасатын болады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

БАЛА ЕҢБЕГІ

заң арқылы қорғалады

Оқушылар демалысының бір айы өтіп кетті. Осы аралықта қалада ата-анасына салмақ салмау үшін ерте есейіп, еңбек ететіндерді жиі көріп жүрміз.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мұндай балалардың саны елімізде 10 мыңға жуық. Бала еңбегін заңсыз пайдаланып, еріксіз еңбекке тарту — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Еліміздің Конституциясына сәйкес, әркімнің еңбек етуіне, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еңбекке ерте араласқан бала болашағына сенімді болады. Қазақы тәрбиеде де үлкен маңызға ие.

18 жасқа толмаған қызметкерлермен еңбек шартын жасасу және оны бұзу тәртібі мен олардың еңбегін реттеудің басқа да ерекшеліктері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленеді. «Баланы оның денсаулығына қауіп төндіруі не білім алуына кедергі келтіруі немесе оның денсаулығына және дене бітімі, ақыл-ойы, рухани,



Суретті түсіргені: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

моральдық және әлеуметтік жағынан дамуына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген жұмысты орындауға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады», — деп анық көрсетілген. Тек 16 жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға рұқсат берілген. Десе де, заңды ысырып қойып, жасөспірімдерді куәліксіз қызметке қабылдайтын кәсіпкерлер

көп. Егер жұмыс беруші келісім-шартсыз оларды жұмысқа алса, жұмыс берушіге 20–50 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Еңбек тәрбиесі балалар еңбегін пайдаланып, қанауға ұласып кетпеуге тиіс. Еңбек кодексіне сәйкес ата-аналар мен балалар міндетті түрде нені ескеру керек екенін мамандардан сұрап көрдік.

МАМАН КЕҢЕСІ

Гүлжан АМАНГЕЛДИНОВА,
психолог:

АТА-АНА ҚОЛДАУЫ МАҢЫЗДЫ

Баланы ерте жастан еңбекке баулып, еңбектің не екенін, ақша табудың адал жолдарын үйреткен дұрыс. Ал баланы күштеп, өзінің еркінен тыс қара жұмысқа немесе жұмыстың басқа да түріне заңсыз салса, балада психологиялық мәселелер пайда болады. Өзіне деген сенімсіздік пайда болып, өзін ата-анасына, жалпы қоғамда керек еместей сезінеді. Кез келген жерде бала өзі шешім қабылдай алмай, біреу не айтса соның жетегінде жүре береді. Қорқақтық пайда болып, жан-жаққа қарайлап, өзінің ішкі ойын білдіре алмайтын деңгейге жетеді. Ең қиыны, зорлық-зомбылық, ұрып-соғып күштеп жұмыс жасатқандардың қорлығына шыдай алмай, соңы суицидке апаруы мүмкін. Бала біреуге деген тәуелділіктен арылмаса, ол ешқашан өзінің бостандығын сезінбейді. Бұл жерде құлдық сана пайда болады. Әрине, мұндай жағдайда психологқа барса, балаға көмектесуге болады. Бірақ бәрібір ол бала психикасында қалып қояды. Ең бірінші, ата-ананың қолдауы болу керек. Ең маңыздысы — сол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әйгерім ӘМІРХАНОВА, заңгер:

ЕҢБЕК ШАРТЫНА МҰҚИЯТ ҚАРАУ КЕРЕК

Жасы 18-ге жетпеген балалар кәмелетке толмағандар болып есептеледі. Заң кәмелетке толмағандардың еңбек құқығын айрықша қорғайды, өйткені, олар дене күші жағынан да, рухани жағынан да толық өсіп жетілмеген. «Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы Заңының» 16-бабында: «Әрбір баланың еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы бар» делінген. Балалар 14 жастан бастап ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқылы екені анық. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді.

Еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар, оның

ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 69-бабына сәйкес 18 жасқа толмаған жұмыскерлер үшін жұмыс уақыты 14 жастан 16 жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін аптасына 24 сағаттан аспайтын, 16 жастан 18 жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының ұзақтығы белгіленеді.

ҚР Еңбек кодексінің 26-бабы бойынша ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарға, сондай-ақ жұмыстарға, сондай-ақ орындалуы олардың денсаулығы мен имандылық тұрғысынан дамуына зиян келтіруі мүмкін жұмыстарға (ойын бизнесі, түнгі ойын-сауық орындарындағы жұмыс, алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру, тасымалдау мен сату) он сегіз жасқа толмаған азаматтармен еңбек шартын жасауға жол берілмейді.

Кәмелетке толмағандарға қатысты еңбек заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік материалдық, азаматтық-

құқықтық, әкімшілік және қылмыстық болуы мүмкін. Мұндай жауапкершілікке әртүрлі органдар тартуы мүмкін, алайда, кәмелетке толмағандардың еңбек құқықтарының сақталуын мемлекеттік бақылаудың маңызды органы Қазақстан Республикасының прокуратура органдары болып саналады. Мысалы, Түркістан облысында зауытта жұмыс істеген 14 жастағы Ерасыл Жұмабек оң қолынан айырылды. Бұл оқиға біраз уақыт ойымнан шықпады. Бұл жағдайда кім кінәлі: зауыт басшылығы ма, ата-ана ма, әлде жұмыс істеуге итермелеген әлеуметтік жағдай ма?

Егер кәмелетке толмаған баланы тәрбиелесеніз, сіз оның еңбек құқықтарына мұқият қарауыңыз керек. Оның қандай еңбек етіп жатқанын, бұл еңбектің қандай жағдайда жасалып жатқанын және қаншалықты қауіпсіз екенін анықтап білуіңіз қажет. Еңбек қатынастарында баланың амандығына өзіңіз жауапты екеніңізді есте сақтаңыз. Балаларды жұмысқа тарту заңмен қудаланады. Еркінен тыс ауыр жұмысқа тартқандарды заңды түрде жазалау керек. Бірақ ата-ана рұқсатымен денсаулығына зиян келтірмейтін, оқуына кедергі болмайтын жұмыстардан баланы алшақтатудың жөні жоқ.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ – 2023» жеңімпазы анықталды

Ғалымжан Қырықбай
Астана күніне
орайластырылған қазақ
күресінен «Қазақстан
Барысы – 2023»
республикалық
турнирінің жеңімпазы
атанды.

Финалдық белдесуде Маңғыстау облысының палуаны Нұрдәулет Жарылғапов пен күштік құрылымдар арасында өткен «Әскер Барысы» турнирінің жеңімпазы Ғалымжан Қырықбай күш сынасты. «Алтын белбеу» мен 25 миллион теңге Ғалымжан Қырықбайға бұйырды. «Қара Бура» лақап атымен танымал палуан Нұрдәулет Жарылғапов «күміс белбеуді» місе тұтты.

Үшінші орын үшін белдесу Павлодар облысының палуаны Мұхтар Дәлелханұлы мен «Әскер Барысы» турнирінің жеңімпазы Марат Байкамуров арасында өтті. Белдесу нәтижесі бойынша Мұхтар Дәлелханұлы қола белбеу иегері атанды. Жеңімпаздарға қаржылай сыйлық табысталды (1-орын – Ғалымжан Қырықбай (Әскер барысы, 145 кг), 25 млн теңге, 2-орын – Нұрдәулет Жарылғапов (Маңғыстау облысы, 155 кг), 5,5 млн теңге, 3-орын – Мұхтар Дәлелханұлы (Павлодар облысы, 115 кг), 1,8 млн теңге).



Былтырғы «Қазақстан Барысы» жеңімпазы Қызылорда облысынан шыққан Мақсат Исағабайлов бұл жолы Алматы облысының атынан шыққан Нұрғали Жолтаевтан ұтылып, чемпиондық атағын қорғай алмады.

Турнир елімізде ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру қағидаттарын насихаттау, жастарды ұлттық спорт түрлерімен шұғылдануға тарту арқылы олардың



бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, қазақ күресін өркендету арқылы оны ұлттық идея деңгейіне және халықаралық аренадағы беделін көтеру мақсатында өткізілді.

Он екі жыл бойы үздіксіз өтіп, миллиондаған көрерменнің сүйікті жобасына айналған «Қазақстан Барысы» турнирі ұлттық құндылықтардың тоғысқан арнасы. Республикалық дода 2011 жылдан бері өткізіліп келеді.

БОКС

ELORDA CUP КУБОГЫ бокс бәсекесі мәресіне жетті

Жарыста әлем чемпионы
Теміртас Жүсіпов, Сәкен
Бибосынов, Махмұд Сабырхан,
Севон Оказава, әлем
чемпионатының күміс
жүлдегері Серік Теміржанов,
Тоқтарбек Таңатқан
(Қытайдағы қандасымыз)
сынды боксшылар бақ сынады.

10 елден 200-ден астам спортшы жарыс медаліне таласты. Бұл сынға ұлттық құрама сапында Олимпиада, әлем және Азия чемпиондары мен жүлдегерлері қатысты. Жеңімпазға 700 АҚШ доллары, екінші орынға 400 доллар, 3-орынның әрқайсысына 200 доллардан берілді. Турнирде ұлттық құрамның бас жаттықтырушысы Мырзағали Айтжанов 57, 63,5 және 92 келі салмақта жақсы нәтиже көрсеткен спортшыларды Қытайдың Ханчжоу қаласында өтетін Азия ойындарының іріктеу кезеңіне қатысуға мүмкіндік алғанын айтып өтті.



Махмұд Сабырхан (57 кг) ерлер арасындағы турнирдің үздік боксшысы болып атанды. Әйелдер арасында қытайлық Янг Ченгу (63 кг) үздік деп танылды. Үздік рефери атағы Ерлан Ғазизовке берілсе, Ғани Ысқаков үздік төреші болды.

ЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘР САЛМАҚТАҒЫ ЖЕҢІМПАЗДАР:

48 кг: Теміртас Жүсіпов;
51 кг: Сәкен Бибосынов;
54 кг: Тимур Қабдешев;
57 кг: Махмұд Сабырхан;
60 кг: Дильшод Абдумуродов (Өзбекстан);
63,5 кг: Ертуған Зейнуллинов;
67 кг: Шамшер Саидов (Тәжікстан);
71 кг: Хавасбек Асадуллаев (Өзбекстан);
75 кг: Нұрқанат Райыс;
80 кг: Тоқтарбек Таңатхан;
86 кг: Абзал Құттыбеков;
92 кг: Сағындық Тоғамбай;
+ 92 кг: Данаби Байғазы (Қытай);
Жахонгир Зокиров (Өзбекстан).

Қыздар құрамасы 8 алтын алды



Ел құрамасынан Алуа Балқыбекова (48 келі), Назым Қызайбай (50 келі), Жайна Шекербекова (54 келі), Виктория Графеева (57 келі), Римма Волосенко (60 келі), Наталья Богданова (66 келі), Жасмин Қизатова (70 келі) және Елдана Талипова (81 келі) жеңіс тұғырына көтерілді.

Қалған төрт салмақта қытайлық боксшылар чемпион атанды. Олардың қатарында Ву Ю (52 келі), Ян Ченьгю (63 келі), Ли Киань (75 келі), Ван Лина (81 келі) бар. Олардың арасында Өзбекстан, Қытай, Үндістан, Моңғолия және өзге де елдердің өкілдері бар.

ВОЛЕЙБОЛ



ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Жасөспірімдер арасындағы
Азия чемпионатында
ел құрамасы алғашқы
жеңісіне қол жеткізді

Қазақстандық
спортшылар волейболдан
16 жасқа дейінгі әйелдер
арасындағы Азия
чемпионатының екінші
турында Гонконгты жеңді.

Кездесу 29:31, 23:25, 25:11, 25:14, 17:15 есебімен қазақстандықтардың пайдасына аяқталды.

16 жасқа дейінгі қыздар арасындағы Азия чемпионаты Ханчжоу қаласында (Қытай) өтіп жатыр. Алғашқы кездесуде қазақстандық спортшылар Тайландты жеңе алмады.

Әйелдер арасындағы Азия чемпионаты (U-16)

1 топтық кезең, әйелдер
Қазақстан (U-16) – Гонконг (U-16) 3:2 (29:31, 23:25, 25:11, 25:14, 17:15).

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЕРЛЕРДІҢ ЖҮЛДЕ КЕСТЕСІ:

Қазақстан – 8 алтын, 9 күміс,
14 қола.

Өзбекстан – 3 алтын, 1 күміс,
3 қола.

Қытай – 1 алтын, 1 күміс.

Тәжікстан – 1 алтын, 2 қола.

Тайланд – 1 күміс, 2 қола.

Бахрейн – 1 күміс.

Үндістан – 3 қола.

Моңғолия – 1 қола.



АСТАНА – 25

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, биыл елімізде халық саны өскен. Жыл басталғанда елімізде 19 миллион 766 мың 807 адам тұрған. Осыдан бір ай бұрын республикада тұрғын саны 19 миллион 879 мың 3 адам болды. Жарты жылда халық санының өсімі 112 мың 196 адамға жетіпті.

АСТАНА – ХАЛЫҚ САНЫМЕН ЕКІНШІ ОРЫНДА

Бас қаланың тұрғындары көбейіп келеді

Халық санының өсімі бойынша Алматы қаласы көш бастап тұр. Алты ай мұғдарында алматылықтар саны 23 мың 694 адамға артқан. 2-сатыға халқының саны 21 мың 972 адамға артқан Астана шықты. Үштікті Түркістан облысы түйіндеді. Облыс тұрғындарының саны 12 мың 982 адамға өскен.

Статистикада Шымкент қаласы (+ 10 мың 985 тұрғын) мен Алматы облысы (+ 10 мың

610 тұрғын) тұрғын саны бір шамада көбейген. Бұл ретте Астана халқы саны ең жоғары қарқында, яки 1,62 пайыз өсімді көрсетіп отыр. Керісінше, демографиялық көрсеткіш Солтүстік Қазақстан (-977 адам), Шығыс Қазақстан (-425 адам) мен Қостанайда (-374 адам) төмендегені байқалады.

А.ҚЫДЫР.

ЕЛ ҚАЛҚАНЫ

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН
АКАДЕМИЯСЫ –
ЖЕҢІМПАЗ

6654 әскери бөлімінің базасында президенттік көпсайыстан ҚР Ұлттық ұланының жеке-командалық чемпионаты өтті



Жарысқа «Оңтүстік», «Орталық», «Батыс», «Шығыс» өңірлік қолбасшылықтарының, Ұлттық ұлан академиясының, сондай-ақ 6654, 5573 әскери бөлімдерінің (3656, 6636 тікелей бағынысты бөлімдерінің құрамаларын қоса алғанда) құрама командалары қатысты. Жарыс барысында әскери қызметшілер 12 спорттық разрядты орындады.

Командалық біріншіліктің нәтижесінде Ұлттық ұлан академиясы 1-орынды, «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы 2-орынды алса, «Орталық» өңірлік қолбасшылығы 3-орынға ие болды.

Әр алуан жас категориясында жеке санаттағы жеңімпаздар да анықталды. Осы орайда, 40 жасқа дейінгілер арасында 3-орын алған 6637 әскери бөлімінің сержанты Азамат Ержанов, 2-орынға ие болған 5512 әскери бөлімінен 3-сыныпты сержант Таймас Асанбаев, 1-орынға қол жеткізген Ұлттық ұлан академиясының подполковнигі Арман Исмаилов марапатталды.

«Жарысқа қатысушылар өздерінің жоғары спорттық әзірлігімен, кәсібилігімен таңқалдырды. Олардың әрбірі керемет дағды мен жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Ис-шара ҚР Ұлттық ұланының әскери қызметшілерінің дене шынықтыру және психологиялық даярлығының жоғары деңгейін дәлелдеп берді», – деді Ұлттық ұлан бас қолбасшылығының дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы, полковник Сәтжан Әбішев.

А.МӘДІ.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



КЕЗДЕСУ

АРДАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

«Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдық мерекесіне орай, басылымда әр жылдары еңбек еткен ардагерлер редакциямызда бас қосты.



Айнабай
МӘДИ

Біздің қазақ «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» деген ғой. Сол айтпақшы, қай кезде де аға буынға арқа сүйейтініміз рас. Өмірдің ащы-тұщысын татып, баспасөзде көп жыл еселі еңбек еткен, «Ақшамда» мандай тері сіңіп, қолтаңбасы қалған ардагерлерге деген құрметіміз ерекше. Өткенсіз кемел келешек болмайтыны сынды, ақылды қариясыз-ағынды дариясыз, игілігі мол идеясыз жасампаз газет шығару мүмкін емес.

«Өздеріңіздің бай тәжірибелеріңіз кейінгі орта буын мен жас буынға аса қажет. Осы мақсатты алға тұтып, мерейлі дата алдында дастарханнан дәм татқызып, өздеріңіздің ақыл-кеңестеріңізге



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

құлақ түргіміз келді», – деді «Ақшам» редакциясында ардагерлерді ақжарыла қарсы алған «Alatau Aqparat» ЖШС-ның Бас директоры Ержан Қалымбайұлы.

«Ақшамға» ақ батасын арнаған Қазақстанның құрметті журналисі Сәрсенбек Бекмұратұлы бастаған Қанат Қайым, Өтеш Қырғызбай, Ермек Жұмахмет-

ұлы, Зейнолла Абжанов, Жексен Алпартегі, Нұржамал Байсақал, Қарлығаш Бесірова өздерінің сүйікті газетіне ыстық ықыласын білдіріп, тілегін арнап, ұсынысын

жеткізді. Қарлығаш замандасымыздың жары, басылым еңбекторысы, Желтоқсан қаһарманы Құттыбек Аймахан (марқұм) екеуінің танысып, білісуіне «Ақшам», отау құруына ақшамдықтар сеп болғанын айтты.

Газет те жанды дүние. Оның да өсу, кемелдену кезеңі болады. Бүгінгі ақпарат құралдарына жаңаша шешім, жаңаша қадам жасалуы қажеттігі тағы бар. Өлемде жүріп жатқан ақпараттық-психологиялық майдан соны көрсетуде.

«Ақпараттық стратегиямызды нығайтпақ ойдамыз. Басылымның сыртқы келбетін өзгертіп қана қоймай, ішкі мазмұнына мән бермекпіз. Бүгінгі заман сапалы ақпарат дәуірі ғой», – деген ЖШС Бас директоры құрметті қонақтарға газеттің алдағы бағыт-бағдары жайында мәлім етті.

Емен-жарқын жүздесуден соң ардагерлер редакция ғимаратының алдында естелік суретке түсті. Өз кезегінде біз де алды сексеннің сеңгіріне шыққан қаламгерлермен «тек жақсылықта жолығайық, жақсы күндерде кездескенше» деп қос айтыстық.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ТАМАША ДЕМАЛЫС

Бұқаралық ақпарат құралдары күніне орай «Alatau Aqparat» медиахолдингіне біріккен «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттері мен қос сайттың ұжымы табиғат аясына шығып, демалып қайтты. Мереке аясында мың жасаған шаһардың шамшырағы «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдық мерейтойы аталып өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ашық аспан астында ұйымдастырылған мерекелік кешке «Қазақ газеттері» ЖШС Алматы филиалының жетекшісі Думан Анаш, «Түркітілдес журналистер қорының» президенті Нәзия Жоямергенқызы мен «Адырна» қоғамдық ұйымының басшысы Арман Әубәкір қонақ ретінде қатысып, қос басылым ұжымын кәсіби мерекелерімен құттықтады. Кеш барысында атаулы датаға орай «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы «Almaty aqshamy» газетінің Бас редакторы Төрехан Данияров пен «Вечерний Almaty» газетінің басшысы Евгений Рақымжановқа ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Алғыс хатын табыстады.

– Өткен айда «Alatau Aqparat» медиахолдингін дамытуға қатысты бір жылдық стратегиямызды бекіттік. Алдағы уақытта басылымды заман талабына сай, бүгінгі оқырман сұранысына лайық етіп, сапалы контенттер даярлау, жазылымды арттыру сынды жоспарларымыз бар. Ол үшін бізге жұдырықша жұмылып жұмыс істеу керек. Барлықтарыңыздың отбасыларыңызға амандық, шығармашылықтарыңызға шадыман шабыт тілеймін, – деген медиахолдинг басшысы Ержан Қалымбайұлы қос басылымның бірқатар қызметкерлерін марапаттап, көпбалалы отбасыларға балалар-



ға арналған жазғы демалыс лагерьлеріне жолдамалар ұсынды.

Медиахолдингінің күнделікті қызметі мен дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Almaty aqshamy» газетінің тілшісі Олжас Жолдыбай, корректор Кенже Нүсіпова, бет қаттаушы Айшат Абуова, көлік жүргізуші Нұрсұлтан Құрманов сынды қызметкерлеріміз Алғыс хаттармен марапатталды. Ал Айдын Сұлтанбековке отбасымен демалып қайтуға жолдама берілді.

Таңмен таласа бас қосқан қос ұжымның

журналистері бұл күннің Ұлттық домбыра күні екенін де естен шығарған жоқ. Сондықтан тауға шықса да қанжығасына домбырасын байлап ала жүретін «ақшамдықтар» үшін де бұл киелі аспаптың орны бөлек.

Иә, «әу демейтін қазақ жоқ», «жігітке жеті өнер де аз» деп білетін өнерлі жандар «Ақшамда» да жетерлік. Мерекеге орай жайылған дастархан басында әріптесіміз Естай Божан ақын Жұбан Молдағалиевтің сөзіне жазылған, композитор Илья Жақановтың әні «Еділ мен Жайықты», Кенен

Әзірбаевтың «Тік шырқау» әндерін әуелете шырқағанда, ұйып тындадық. Күмбірлете күй шерткен әріптестеріміздің өнері де тәнті етті. Мерекелік кеш барысында гитарамен де ән айтылды, би де биленді. Кешіміздің көңілді өтуі үшін қызықты ойындар ұйымдастырылды. Айналасы жасыл желекпен көмкерілген, сылдырап аққан мөлдір суы бар өзен жағасында естелік суреттерге түсті.

«Alatau Aqparat» медиахолдингі табиғат төсіндегі ұжымдық демалысты осылайша өзгеше форматта атап өтті.